

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің салық қызметтері басшылары кеңестерінің мәжілістеріне қатысушылардың қонақ үйлерде тұруына ақы төлеуге қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 8 қыркүйектегі N 245-ө
Өкімі

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің салық қызметтері басшылары кеңестері мәжілістерінің (бұдан әрі - мәжілістер) өткізілуіне байланысты:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне мәжілістерге қатысушылардың 2005 жылғы 13 - 17 қыркүйек кезеңінде Астана қаласында қонақ үйлерде тұруына ақы төлеуге 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 4661018 (төрт миллион алты жүз алпыс бір мың он сегіз) теңге сомасында қаражат бөлсін.

Премьер-Министр